

ТАҢДАУ ЖӘНЕ СПЕЦИФИКАЦИЯЛАУҒА АРНАЛҒАН МӘЛІМЕТТЕР

Тектік типі	Болат құрылымдарын өрттен қорғайтын 100% құрғақ қалдығы бар екі компонентті эпоксидті ісінетін жабын.
Сипаттама	Thermo-Lag 3000-P - бұл активтерді углеводородты өрттердің жойқын әсерінен қорғау үшін әзірленген икемді екі компонентті эпоксидті ісінетін өртке қарсы жабын. 1999 жылдан бері Thermo-Lag 3000-SP мұнай-газ өндірісі, энергетика, теңіздегі өндіріс, мұнай-химия кәсіпорындары және СТГ нысандары сияқты ең қатал қоршаған орта жағдайларында өртке қарсы қорғанысты қамтамасыз етіп келеді. Thermo-Lag 3000-SP келесі стандарттарға сәйкес жан-жақты және тәуелсіз сынақтардан өткен: UL 1709, UL 2431 I-A санаты, ISO 834-3, IMO FTP Code (IMO A.754 (18) — H-0, H-60 және H-120 бөлімдері), ASTM E84, ASTM E119, ISO 20340, NORSOK M-501 5A (отқа төзімділік және коррозияға төзімділік сынақтары), NFPA 290 (150 минутқа дейін ұзартылған).
Қасиеттері	- Болат құрылымдарға, технологиялық түтіктерге, секцияларға және электр каналдарына арналған 1 сағаттан 4 сағатқа дейінгі икемді өрттен қорғау шешімін қамтамасыз етеді. - Эпоксидті ісінетін жабындар арасында өртке төзімділік деңгейі бойынша ең аз қалыңдықты талап етеді. - Кез келген климаттық жағдайда қажалу, діріл, тасымалдау, монтаж және механикалық жүктемелерге төтеп бере алатын икемді әрі берік құрам. - Құрамы қызмет ету мерзімі бойы, климаттық жағдайға қарамастан, икемділігін, созылғыштығын және өртке төзімді қасиеттерін сақтауға арналған. - Жарылып кетпей немесе қабыршақтанбай, аса жылдам және экстремалды температуралық циклдерге төтеп бере алатындай етіп әзірленген. - Таза және стерильді үй-жайларда қолдануға арналған ауқымды ұшпалы заттар бөлу сынақтардан өткен.
Түсі	А бөлігі: ашық сұр Б бөлігі: қою сұр Араластырылғаны: сұр
Әрлеу	Текстурленген. Сыртқы көрінісін қалақша немесе білікшемен тегістеп, жақсартуға болады.
Құрғақ қалдық	Көлемі бойынша: 100%
ҰОҚ құрамы	Жеткізілуі: 13 г/л (0.11 фунт/гал)
Температуралық шектеулер	Қалыпты пайдалану кезінде бетінің ұзақ мерзімді температурасы 79°C (175°F)-тан жоғары болатын болат құрылымдар үшін қолдану ұсынылмайды.
Жоғарғы жабын	UL 2431 Class I-A стандарты бойынша мақұлданған жоғарғы жабындар UL KXHC2.R40029 файлында көрсетілген немесе мақұлданған жоғарғы жабындар тізімін алу үшін Carboline техникалық бөліміне хабарласыңыз.
Тығыздық	1,25 – 1,3 г/см ³ (78 – 81 фунт/фут ³)

БЕТІН ДАЙЫНДАУ

Жалпы	Бетіндегі майлы ластануларды SSPC-SP1 стандарты бойынша сұйылтқыш (Thinner) №2 немесе Carboline тазалаушы (Cleaner) №3 тазалау құралымен кетіріңіз.
-------	---

БЕТІН ДАЙЫНДАУ

Болат	Бекітілген төсеме бояуды жағу алдындағы болат бетінің дайындығы құрлықтағы нысандар үшін SSPC-SP6, теңіз объектілері үшін SSPC-SP10 стандарттарына сай болуы тиіс. Қажетті бет бедері — 37–50 мкм (1.5–2.0 мил). Арнайы төсеме бояуларға қойылатын талаптар мен ұсынымдарды алу үшін Carboline техникалық бөліміне хабарласыңыз.
	Thermo-Lag 3000-P ұсынылған төсеме бояу үстіне жағылады. Ұсынылған төсеме бояулардың толық тізімін алу үшін Carboline техникалық бөліміне хабарласыңыз.
	SSPC-PA2, 3-деңгейіне сәйкес Thermo-Lag® 3000-P астына қолданылатын төсеме бояудың ұсынылған құрғақ қалыңдығы — 75–125 мкм (3–5 мил).
Мырышталған болат	Болат беті төсеме бояу жағу алдында SSPC-SP7 стандартына сәйкес дайындалуы керек, бет бедері 37–50 мкм болуы қажет. Carboguard 893 SG төсеме бояуды 75–125 мкм қалыңдықта жағылуы тиіс (SSPC-PA2 бойынша).
Түсті металдар	Кеңесу үшін Carboline Fireproofing техникалық қызметіне хабарласыңыз.

АРАЛАСТЫРУ ЖӘНЕ СҰЙЫЛТУ

Миксер	Қалақшалары (жүктеме кезіндегі жылдамдығы 300 айн/мин) бар 12,7 мм (½дюйм) электр немесе пневматикалық жетекті бұрғыны пайдаланыңыз.
Араластыру	Компоненттері бөлек берілетін шашырату (ұсынылатын әдіс): А және В бөліктері шашырату жабдығына жіберер алдында жеке-жеке араластырылуы керек. Қалашамен жағу (шағын аймақтар): Тек шағын аймақтарға ұсынылады. Thermo-Lag 3000-P жағу жөніндегі нұсқаулығын қараңыз..
Сұйылту	Компоненттері бөлек берілетін шашырату: Сұйылтпаңыз. Қалашамен жағу: Thinner #19, Thinner #242E сұйылтқышын немесе Carboline мақұлдаған баламасымен сұйылту.
Араластыру пропорциясы	1:1 (көлемі бойынша) 1:1.03 (салмағы бойынша)
Сақтау кезіндегі жарамдылық мерзімі	24 °C (75°F) температурада 30-45 минут 38 °C (75°F) температурада 15 - 20 минут

ЖАҒУҒА АРНАЛҒАН ЖАБДЫҚ

Төменде осы өнімді қолдану үшін қолданылатын жабдыққа қатысты жалпы ұсыныстар берілген. Қажетті нәтижелерге қол жеткізу үшін алаң жағдайлары осы нұсқауларды түзетуді қажет етуі мүмкін.

Жалпы	Эпоксидті ісінетін жабындарға арналған және Carboline қолдануға мақұлдаған арнайы көпкомпонентті жабдықты ғана пайдаланыңыз. Қосымша ақпарат үшін Thermo-Lag 3000-P қолдану нұсқаулығын қараңыз.
-------	---

ЖАҒУ ӘДІСІ

General

Жұмысқа кіріспес бұрын барлық торды алдын ала кесіп дайындау қажет. Жобалық талаптар бойынша ақпарат алу үшін Carboline техникалық қызметімен байланысыңыз. Тордың барлығы таза әрі құрғақ болуы тиіс.

Компоненттері бөлек берілетін шашырату:

Thermo-Lag 3000-P қолдану нұсқаулығын қараңыз.

Қалақшамен жағу:

Thermo-Lag 3000-SP қолдану нұсқаулығын қараңыз.

Кері бағытта тегістеу үшін әрқашан таза еріткішті пайдалану тиіс. Білікшені еріткішке тым көп малып қолданбаңыз, өйткені бұл еріткіштің жабын ішінде қалып қоюына және материалдың қатаю уақытын ұзаруына әкелуі мүмкін. Әр қабат жағылғаннан кейін бетті тегістеу үшін еріткішке малынған білікшемен кері бағытта тегістеп жүргізіңіз. Қабат неғұрлым жұқа болса, жоғарғы беті соғұрлым тегіс болады. Толығырақ ақпарат алу үшін Carboline техникалық қызметіне хабарласыңыз немесе жағу жөніндегі нұсқаулығын қараңыз.

ЖАҒУ КЕЗІНДЕГІ ЖАҒДАЙЛАР

Шарт	Материал	Бет	Қоршаған орта	Ылғалдылық
Минимум	21°C (70°F)	5°C (41°F)	5°C (41°F)	0%
Максимум	60°C (140°F)	52°C (125°F)	43°C (110°F)	85%

*Ауа температурасы және бет температурасы кемінде 5 °C болуы және жоғарылау тенденциясы болуы тиіс.

Болат бетінің температурасы шық нүктесінен кемінде 3 °C-тен жоғары болуы қажет. Ауаның ең жоғары салыстырмалы ылғалдылығы — 85 %. Thermo-Lag 3000-SP келесі қабаттарын немесе жоғарғы жабынды жағудың ең тиімді уақыты — кез келген ықтимал ластанудан бұрын. Қосымша ақпарат үшін Thermo-Lag 3000-SP жағу жөніндегі нұсқаулығын (соңғы басылымын) қараңыз

ҚАТАЮ КЕСТЕСІ

Бет температурасы және 50% салыстырмалы ылғалдылық	Жабыспайтын күйге дейін кебу уақыты	Тиеуге дейінгі уақыт	Келесі қабатты жағуға дейінгі минималды уақыт	Келесі қабатты жағуға дейінгі максималды уақыт	Фиништік жабынды жағуға дейінгі минималды уақыт	Фиништік жабынды жағуға дейінгі максималды уақыт
5°C (41°F)	1 сағат	24 сағат	1 сағат	7 күн	10 сағат	7 күн
21°C (70°F)	30 минут	24 сағат	30 минут	7 күн	10 сағат	7 күн
52°C (125°F)	30 минут	24 сағат	30 минут	7 күн	10 сағат	7 күн

* Жоғарыда 85% немесе одан төмен салыстырмалы ылғалдылық жағдайындағы қатаю уақыттары көрсетілген. Қатаю уақыты температураға, ауа қозғалысына және ылғалдылыққа байланысты. Оңтайлы қатаю үшін әр қабатты 2–5 мм (80–200 миль) ылғал қалыңдықпен жағу ұсынылады. Материалды келесі қабатты жағу немесе қатаю мерзімін жеделдету үшін қыздыруға болады. Егер қабаттардың арасындағы рұқсат етілген максималды уақыты асырылса, қосымша қабаттарды жағу алдында бетті механикалық жолмен өңдеп, еріткішпен сүрту қажет. Үш күн өткеннен кейін қайта жабу алдында бетті еріткішпен сүрту қажет. Нақты ақпарат алу үшін Carboline техникалық бөліміне хабарласыңыз..

ТАЗАЛАУ ЖӘНЕ ҚАҰІПСІЗДІК ШАРАЛАРЫ

Тазалау

Статикалық араластырғышты, икемді шлангты, пистолетті және саптамаларды әр қолданғаннан кейін бірден ыстық сумен немесе Carboline мақұлдаған еріткішпен жуып тазарту қажет (сорғы жиынтықтауына байланысты). Тазарту үшін Carboline Plasite Thinner №19, Thinner №242E немесе мақұлданған баламалы еріткішті қолданыңыз. Статикалық араластырғышты, пистолет пен саптама жинағын бөлшектеп, қолмен тазалау керек.

Қауіпсіздік

Осы өнімнің техникалық төлқұжатында және Қауіпсіздік төлқұжатында барлық сақтық шараларын оқып, орындаңыз. Қалыпты қауіпсіздік техникасы талаптарын сақтаңыз. Жеткілікті желдетуді қамтамасыз етіңіз. Қолданылмаған кезде контейнерді жабық күйде

Thermo-Lag® 3000-P

ТЕХНИКАЛЫҚ ТӨЛҚҰЖАТ



ұстаңыз.

**Құрғақ
шашырау**

Іргелес және біткен беттерді зақымданудан және құрғақ шашыраудан қорғау қажет.

Желдету

Жабық орындарда қолданған кезде, жабын толық қатайғанға дейін, жағу кезінде де, жағудан кейін де ауа толық айналымы қамтамасыз етілуі тиіс. Желдету жүйесі қолданылатын еріткіштер буының концентрациясы олардың төменгі жарылғыштық шегіне жетуіне жол бермейтіндей болуы керек. Пайдаланушы барлық жұмысшылар нұсқауларды орындайтынына көз жеткізу үшін барлық әсер ету деңгейлері рұқсат етілген нормадан төмен екенін тексеріп, бақылауы тиіс. Сенімді болмаған немесе деңгейді бақылай алмайтын жағдайларда, MSHA/NIOSH мақұлдаған респираторын қолданыңыз.

ҚАПТАУ, ТАСЫМАЛДАУ ЖӘНЕ САҚТАУ

Қаптау

Толық жинақ: 34.0 л (9.0 галлон)
А бөлігі: 17.0 л (4.5 галлон)
В бөлігі: 17.0 л (4.5 галлон)

Жарамдылық мерзімі

12 ай
Жарамдылық мерзімі: (нақты жарамдылық мерзімі) Ұсынылған жағдайда ашылмаған зауыттық қаптамасында.

Сақтау

Жабық және құрғақ жерде 0°C және 49°C (32°F және 120°F) аралығындағы температурада сақтаңыз. -7°C (20°F) дейінгі температурада 30 күннен аспайтын мерзімде сақтауға болады. 0-100% салыстырмалы ылғалдылық

**Тасымалдау салмағы
(шамамен)**

1,4 кг/л (12 фунт/гал)

**Жарқыл нүктесі
(Сетафлаш)**

А бөлігі: 85 °C (185°F)
В бөлігі: >93 °C (>200°F)

КЕПІЛДІКТЕР

Біздің білуімізше, осы құжатта келтірілген техникалық деректер жарияланған күнгі жағдай бойынша анық және нақты болып табылады және алдын ала ескертусіз өзгертілуі мүмкін. Пайдаланушы өнімді көрсетпес немесе тапсырыс бермес бұрын ақпараттың дұрыстығын тексеру үшін Carboline компаниясымен байланысуы қажет. Дәлділікке ешқандай тікелей немесе жанама кепілдік берілмейді.

Біз өз өнімдеріміздің өндірістік ақаулардан таза екеніне және Carboline қолданыстағы сапаны бақылау процедураларына сәйкес келетініне кепілдік береміз.

ОСЫ КЕПІЛДІК КЕЛЕСІ ЖАҒДАЙЛАРДА ЖАРАМСЫЗ БОЛЫП ҚАЛАДЫ: (1) ӨНІМ CARBOLINE ТЕХНИКАЛЫҚ ТАЛАПТАРЫНА СӘЙКЕС ПАЙДАЛАНЫЛМАҒАН ЖАҒДАЙДА, ЖӘНЕ/НЕМЕСЕ (2) ҚАЛЫПТЫ ЖҰМЫС ЖАҒДАЙЛАРЫНДА САҚТАЛМАҒАН, БАПТАЛМАҒАН НЕМЕСЕ ПАЙДАЛАНЫЛМАҒАН ЖАҒДАЙДА.

Өнімді пайдалану нәтижесінде туындаған шығындар, өнімділікке қатысты мәселелер, жарақаттар немесе кез келген зақым үшін біз жауапты емеспіз. Carboline компаниясының жалғыз міндеттемесі, бар болған жағдайда, Carboline компаниясының өкілі тексерген кезде кепілдік мерзімі ішінде ақаулы деп табылған Carboline өнімін (өнімдерін) Carboline компаниясының қалауы бойынша ауыстыру немесе сатып алу бағасын қайтарумен шектеледі. Carboline басқа ешбір шығындар және зақымдар үшін жауапты болмайды. ЗАҢНАМАДА НЕМЕСЕ БАСҚА ЖАҒДАЙДА ҚАРАСТЫРЫЛҒАН БАСҚА ЕШБІР ТІКЕЛЕЙ НЕМЕСЕ ЖАНАМА КЕПІЛДІКТЕР ЖОҚ, ОНЫҢ ІШІНДЕ ТАУАРЛЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ НЕМЕСЕ БЕЛГІЛІ БІР МАҚСАТҚА СӘЙКЕСТІК КЕПІЛДІГІ ДЕ ҚАМТЫЛМАҒАН.

Жоғарыда аталған барлық тауар белгілері, егер өзгеше көрсетілмесе, Carboline International Corporation компаниясына тиесілі. Осы Өнім төлқұжатының бүкіл мәтіні және оған негізделген барлық құжаттар ағылшын тілінде жазылған, және құқықтық мәселелерде ағылшын тіліндегі нұсқа басымдыққа ие болады.